

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 шілдедегі N 909 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 маусымдағы N 702 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жарғылық капиталда қатысудың басым мемлекеттік үлесі бар акционерлік қоғам басқармасының төрағасымен жасалатын Үлгілік келісімшартты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 шілдедегі N 909 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 32-33, 290-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбында және мәтінінде:

"келісімшартты", "келісімшарт", "келісімшарттар" деген сөздер тиісінше "жеке еңбек шартын", "жеке еңбек шарты", "жеке еңбек шарттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"басқармасының төрағасымен", "басқармалар төрағаларымен" деген сөздер тиісінше "атқарушы органы басшысымен", "атқарушы органдар басшыларымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "Қазақстан Республикасының министрліктері, агенттіктері мен орталық атқарушы органдарының ведомстволары" деген сөздер "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары және Ұлттық Банкі (келісім бойынша)" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Жарғылық капиталда қатысудың басым мемлекеттік үлесі бар акционерлік қоғам басқармасының төрағасымен жасалатын Үлгілік Келісімшартта:

тақырыбында:

"Келісімшарт" деген сөз "жеке еңбек шарты" деген сөздермен ауыстырылсын; "басқармасының төрағасымен" деген сөздер "атқарушы орган басшысымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мәтінінде:

"келісім шартты", "келісімшарттың", "келісімшарт", "келісімшартпен" деген сөздер тиісінше "жеке еңбек шартты", "жеке еңбек шарттың", "жеке еңбек шарты", "жеке еңбек шартпен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 14, 18-тармақтарда "төрағасы", "Төраға", "Төрағаның" "Төрағаға" "Төрағада" деген сөздер тиісінше "басшысы", "Басшы", "Басшының", "Басшыға" "Басшыда" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 және 3-тармақтарда "басқармасының", "басқарманың", "басқарма", "басқармасы"

деген сөздер тиісінше "атқарушы органының", "атқарушы органның", "атқарушы орган", "атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) атқарушы органның тиімді жұмыс істеуін, Қоғамның қызметін және акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;" ;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) Қоғам қызметкерлерін (атқарушы орган мүшелері болып табылатын қызметкерлерді қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін және жалақыларға дербес үстемелерді белгілейді, атқарушы орган және қоғамның ішкі аудиті қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, қоғам қызметкерлерінің сыйақы мөлшерін анықтайды;" ;

13) және 14) тармақшалар алынып тасталсын;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің орта мерзімді жоспарының (ұлттық компанияның даму жоспарының) әзірленуін ұйымдастырады;" ;

мынадай мазмұндағы 16-1) тармақшамен толықтырылсын:

"16-1) акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер мөлшерінің болжамды көрсеткіштерін көрсетілген акцияларды иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік органға жоспарлының алдындағы жылдың бірінші сәуіріне дейін беруді қамтамасыз етеді;" ;

"Тараптардың мекен-жайы және қолдары" деген кіші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"Тараптардың орналасқан жері және қолдары:

Қоғам:

Директорлар кеңесінің төрағасы

Басшы

(қолы) М.О.

"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі